# Қазақты танығың келсе – Абайды оқы

**Қаншама жерден тарихты жасайтын халық дегенімізбен, сол тарихтың бел ортасында жүріп, адасқан халықтың жолбастаушысына, ақыл-кеңесшісіне айналған ұлы тұлғалардың алар орны, тарихта қалдырған ізі ерекше екендігі рас. Сондай ірі тұлғаларымыздың бірі – Абай Құнанбайұлы болды.**



Абай шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының айнасы десек қателеспейміз. Қазақты танығың келсе – Абайды оқы. Бұл өзін қазақпын дейтін әрбір азаматтың күнделікті принципіне айналуы керек. Себебі, қазақ қоғамының қазіргі уақыттағы шешімін таба алмай келе жатқан рухани құндылықтарға байланысты сұрақтарын осыдан 100 жылдан аса уақыт бұрын Абай қозғап, оның тиімді жолын көрсеткен болатын. Ол білімге, ғылымға, тәрбиеге, дінге, психологияға байланысты мәселелердегі қазақтың орнын көрсете отырып, жанына бататындай сынап, оятуға тырысып, қайткен күнде халқын алдыңғы қатардан көруге тырысты. Соған бар күшін де, қайратын да, білімін де, тіпті қызметін де арнады.

Осы мақсатқа бағытталған іс-шара жақында Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде өтті. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай студенттер арасында болған байқауға жоғары оқу орындары мен колледж студенттері қатысты. Байқаудың басты мақсаты: қазақ халқының әдеби мұрасы мен Абай шығармаларын насихаттау, классикалық шығармаларды оқуға студенттерді тарту, Абай шығармалары арқылы көркемдеп оқуды дамыту, тілдік мәдениетті дамыту, ұрпақты ұлы адамдарының шығармаларына және ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікте тәрбиелеу. Студенттер байқаудың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарайы», «Абай қара сөздері – тағылымды мұра», «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген атаумен берілген үш номинациясы бойынша жарысқа түсті. Барлығы 68 үміткер қатысқан байқауға республикаға танымал өнер және қоғам қайраткерлері қазылық етті.

Байқауға институт ректоры С. Б. Куанышбаевтың қолдауымен «Абай қара сөздері – тағылымды мұра» номинациясы бойынша «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 1 курс студенті Ләззат Кендірбекова, «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» номинациясы бойынша «Музыкалық білім» мамандығының 2 курс студенттері Жоламан Нағашыбаев пен Мерей Сапарова қатысты. Абай Құнанбайұлының ғибратқа толы, айтар ойы мағыналы, терең философиялық пікірлерге бай қарасөздерін жатқа оқыған әр түрлі ұлт өкілдерінің арасынан жүлдегерді анықтау қазылар алқасына қиынға түскені көрінді.

*Жалғасы 4 бетте*

*Басы 3 бетте*

# Қазақты...

Алайда ұлы ақынның бірнеше қарасөздерін нақышына келтіріп, өзіндік мәнермен көрермендерге жеткізе білген Ләззат Кендірбекова қазылар тарапынан ризашылыққа бөленді. Сонау еліміздің оңтүстік өлкесінде мектеп қабырғасында жүрген кезінде Абай өлеңдерін жатқа айтуға машықтанған Ләззат Кендірбекова байқау қорытындысында жүлделі 2 орынды жеңіп алып, 30 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Абай әндерінің де өзіндік мәні бар. Әсіресе, махаббат тақырыбындағы әндерді барынша нақышына келтіре орындаған жастар көп болды. Байқауға қатысушылардың ақынның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым, сәлем, қаламқас» әндерін қайта-қайта айтуы қазылар алқасын жалықтырмағаны [illegible]. Жоламан Нағашыбаев және ерекше дауыс иесі Мерей Сапарова Абай Құнанбайұлының бұрын айтылмаған, халыққа жетпеген «Сұрғылт тұман» әнін ерекше дауысымен көрермендерге жеткізе білді. Сол үшін қазылар алқасы студенттерді және оны дайындаған көркемдік жетекшісі, институт аға оқытушысы Бегалова Мүслима Сейсенбайқызының еңбектерін ерекше атай отырып, арнайы сертификат тапсырды.

**Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,**
**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.**